

Алакөл ауданында 2012 жылы жастар практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 ақпандағы N 2-105 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 7 наурызда N 2-5-168 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 маусымдағы N 275 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2012.06.28 N 275 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері арасынан тіркелген жұмыссыздар үшін уақытша жұмыс орнын ұсыну немесе ашу арқылы ұйымдастырылсын.

2. Еңбек рыногындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Жақанбаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Алакөл аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы *Тәшім Жазыбекұлы*
 27 ақпан 202 жыл

"Алакөл аудандық жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесінің директоры *Сағынбеков Шалқар Жолдыбайұлы*
 27 ақпан 202 жыл

Алакөл аудан әкімдігінің
 2012 жылғы 27 ақпандағы
 "Алакөл ауданында 2012 жылы
 жастар практикасын ұйымдастыру
 туралы" N 2-105 қаулысымен
 бекітілді

Жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

N	Жұмыс беруші	Кәсіп (мамандық)	Ұйымдас-тырылатын жұмыс орнының саны	Айлық жалақы мөлшері, теңге	Жастар практика-сының сайынғы мөлшері ай
1	"Алакөл аудан әкімі мемлекеттік мекемесі"	аудан аппараты" программист, заңгер, экономист	5	26000	6
2	"Алакөл аудандық жұмыспен және бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі"	аудандық қамту әлеуметтік экономист, заңгер, есепші, әлеуметтанушы	8	26000	6
3	"Алакөл білім, шынықтыру спорт бөлімі"	аудандық дене және жасөспірімдер іс-жүргізуші, бастауышының мұғалімі	4	26000	6
4	"Алакөл ішкі бөлімі" мемлекеттік мекемесі"	аудандық саясат есепші, мемлекеттік басқару	4	26000	6
	"Алакөл жер қатынастар	аудандық жерге орналастырушы,			

5	бөлімі" мемлекеттік мекемесі		инженер- кадастр, картограф	3	26000	6
6	"Алакөл аудандық сәулет және қала құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі		бағалаушы	1	26000	6
7	"Алакөл аудандық ветеринария бөлімі"		ветеринар, зоотехник	6	26000	6
8	"Алакөл аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық автомобиль жолдары және жолаушылар тасымалдау көлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі		инженер- құрылысшы	1	26000	6
			есепші	1	26000	6
9	Үшарал қалалық округ әкімі аппараты		программист, заңгер, есепші, экономист, ветеринар	8	26000	6
10	"Алакөл аудандық жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі		заңгер, программист	3	26000	6
11	"Алакөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі		заңгер	2	26000	6
12	"Алакөл аудандық салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі		салық ісі, есепші, экономист, программист	5	26000	6
13	Алматы облысы бойынша сот актілерін орындау департаментінің Алакөл аумақтық бөлімшесі		заңгер	2	26000	6
14	"Алакөл ауданының Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі		заңгер	5	26000	6
	"Алматы жерғылөңорталығы"					

15	еншілес кәсіпорнының жер филиалы	мемлекеттік Алакөл кадастрлық	жерге орналастырушы	1	26000	6
16	"Алакөл пошта торабы"	аудандық байланыс	қаржыгер, экономист, есепші, программист	4	26000	6
17	"Альянс акционерлік қоғамының аудандық филиалы	банк" Алакөл	банк маманы, қаржыгер, экономист, есепші	3	26000	6
18	"Талапкер мектебі" мемлекеттік мекемесі	орта	мұғалім	2	26000	6
19	"Үшарал гимназиясы" мемлекеттік мекемесі	қазақ	мұғалім	3	26000	6
20	"Абай мектеп" мекемесі	атындағы орта мемлекеттік	мұғалім	3	26000	6
21	"Алакөл мәдениет тілдерді бөлімі" мекемесі	аудандық және дамыту мемлекеттік	тіл маманы	1	26000	6
22	"Алакөл экономика бюджеттік бөлімі" мекемесі	аудандық және жоспарлау мемлекеттік	экономист	1	26000	6
23	"Алакөл аумақтық мемлекеттік мекемесі	аудандық инспекция"	агроном, программист	2	26000	6